



**Балхыбекова Ы.,  
Муталханова Г.**

**ГРАММАТИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУ НЕГІЗІНДЕ СӨЗДІ  
ҚОЛДАНА БІЛУ  
ИКЕМДІЛІГІ МЕН  
ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*В статье говорится о роли  
грамматического значения слова в  
предложении, а также о значимости  
его при обучении языку.*

*The article says about grammatical  
norms and meanings of lexis, the skills  
and habits of speaking activities. The  
using of grammatical structures and  
definition of them helps to master  
grammatical meaning of them.*

Икемділік пен дағды білім мен тәрбиеге негізделеді. Икемділік қандай да бір іске деген шеберліктің негізгі. Дағды дегеніміз әрекеттің саналы түрде автоматтандыру дәрежесіне жетуі. Олай болса сөйлеу әрекетінің өзі тілдік құралдардың жұмсалуды болып табылады.

Грамматикалық білім беру арқылы жеке сөздері бір- бірімен байланыстыру арқылы қолдана алуға жаттықтырылса, қосымшалар арқылы сөз топтарына сәйкес сөз жасау қабілеттері мен дағдылары қалыптасады [1].

Грамматика көптеген ережелермен анықтамалардан, күрделі қағида мен заңдылықтардан тұрады. Грамматикалық қағидалар белгілі жүйедегі заңдылықтар. Бұл заңдылықтарды оқушылар жете түсініп бермейді. Грамматикалық заңдылықтар адамның ақыл- ой әрекеті болып табылатын таңдау (анализ), біріктіру (синтез), салыстыру (заттар мен құбылыстардың біріне-бірінің ұқсастық, айырмашылық белгілерін ажырата білу), абстракциялау, жалпылау сияқты амал-тәсіл ұғымдарды меңгеру оқушының сөздік қорын арттыруға көмегін тигізеді [2].

Грамматиканы оқыту әр сынып сайын күрделене береді. Оқушылардың дұрыс ойлау жүйесін қалыптастыруда грамматика қуатты құрал болуға тиіс. Себебі грамматикалық ережеге сәйкес сөздердің мағынасы, ұғымы арқылы нақты мысалдар түсіндіріліп, оқушылар өздері қорытындылар жасайды. Грамматикалық мағынаны игеруі арқылы оқушының сөздік қоры да молаяды. Оқушылар басқа пәндерді де ана тілі арқылы игеріп әсіресе лингвистикалық терминдерді грамматикалық ұғымдарды меңгеру оқушының сөздік қорын арттыруға әсерін тигізеді. Сондай-ақ морфологияны оқытуда тиісті сыныптарда морфология бөлімінің сөз таптарына қатысты ұғымдар игеріледі. Яғни морфологияның тілдегі сөздердің өзгеру, түрлену заңдылықтарын игерту арқылы да оқушылардың сөздік қорын молайта оқу мақсат етіледі. Мәселен, сөз таптарын оқыту арқылы жалпы сөз таптарының белгілері мен ерекшеліктерін игерту арқылы оқушылардың сөздік қоры толығады. Мұндай белгілер мен ерекшеліктер мыналар:

Сөздер мағынасына, сөйлемдегі қызметіне қарай негізгі сөздер көмекші сөздер болып бөлінеді.

Сөз таптары: а) сөздердің мағынасына; ә) тұлғасына; б) сөйлемдегі қызметіне қарай бөлінеді.

Жалпы тілдегі сөз мағыналарына қарай: а)



негізі сөздер (есімдер, етістік, үстеу); ә) көмекші сөздер (жалғаулық, демеулік, септеулік шылаулар); бейтарап сөздер (бұлар сөз таптарна жатпайды.)

Жалпы сөздердің мағыналық тұрғысынан ажыратылып, жоғарыдағы сөздердің жіктеліну ұстанымы бойынша дедукция әдісін оқушылардың тәжірибесінде қолдана білу мақсатымен оқыту грамматикадағы сөздердің мағынасын, мәнін, ұғымын игертуді нәтижелендіреді.

Оқушылар сөздердің тек лексикалық мағыналарын игеріп, оларды ретімен дұрыс қолдануы жеткіліксіз. Сонымен қатар сөздік қорындағы сөздердің түрлі грамматикалық мағынаға ие болуын, грамматикалық заңдылықтар арқылы мағынасының өзгеруін т.б. білуі тиіс [3]. Мәселен, грамматиканы оқыту барысында оқушыларға берілетін бірінші тапсырма сөздің мағынасын ашуға, ұғындыруға негізделсе, екінші тапсырма сөздің мағынасын ашуға, ұғындыруға негізделсе, екінші тапсырма өтілген теориялық материалмен, байланыстырылып, үшінші тапсырма сөздердің мағынасын толық түсінуге, оны өздерінің шығармашылық жұмыстарында дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыруға негізделеді.

Сөз жасам туралы білім мен дағдысына орай тіл дамыту жұмысы зерттеуімізде екі бағытпен қатыстырылды :

Тіл дамытуда қосымшалардың жұрнақ, жалғау мәні мен қолданудағы қызметін танудың баланың сөздік қорының толығына ықпал жасайды.

Зерттеуімізде ол үшін жұрнақтардың мына сияқты ерекшеліктері туралы қарастырылады. Мәселен, сөзжасам жүйесіндегі жұрнақтардың әрқайсысының мәнін үйрету мына бағытта жүргізіледі:

түбір сөздің лексикалық мағынасын өзгертеді; мысалы, ән-ші, дәрі-гер, т.б.

жұрнақ жалғау арқылы да көп мағына жасалады. Мысалы, шалма (етістік), шалма (зат).

Жұрнақ жалғау арқылы көркемдегіш, бейнелегіш құралдар да жасалады. Мысалы, үй- үйдей, т.б.

Жұрнақтар сөз таптарының қызмет мәніне қатысты болады. Сондықтан сөзжасам материалдарын оқыту арқылы оқушылардың тіл дамыту бағытындағы мына төмендегідей іскерлік пен дағдысы қалыптастырылды:

а) тіл дамытуда сөз құрамының түбір мен қосымшалар туралы білімін, сөздердің құрамына қарай түрлерін, сөзжасам элементтерін үйретуде оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында қолданылады. Ол үшін әрбір сөздің түбірін, жұрнақ пен жалғауының, сөз формасының тіліміздегі қолдану ерекшеліктері туралы білім мен дағды беріледі [4].

ә) сөз үйрету барысында, сөздік жұмысы мен оқушылардың сөздігін арттыру мақсатында сөзжасам формаларының әр сөз табына қатыстылығы мен байланыстылық мәніне орай топтастыра мәлімет беру мен үйрету тиімді.

б) сөз таптары бойынша сөздердің мәні мен ерекшеліктері, түрлері қызметін үйрету сөздік қорын байытуға болады.

в) сөз таптары бойынша сөздердің грамматикалық мағынасы, тіркеске түсу ерекшелігі мен сөйлем құраудағы маңызын үйрету арқылы қолдана білуге жаттықтырылады.

г) сөз таптарын стилистикалық және функционалдық жақтарын қамти оқыту арқылы сөздерді шығармашылықпен өз тәжірибесінде қолдана білуге жаттықтыру жұмыстар жүргізіледі. Мысалы: белгілі сөйлемдегі сөздерді мәндес, вариантты, синоним сөздермен ауыстырып байқау; тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру т.б.

Бұл жаттығу жұмыстарын ұйымдастыруда мынадай әдістердің тиімділігі анықталады.

*Талдау әдісі*, сөз тіркесінің өзі сөйлем жасау үшін материал екендігін білдіру үшін мұғалім бір сөйлемді мысалға келтіріп, оны талдап, сөз тіркестерін атыпқызып, ажырату арқылы үйретіледі.

*Әңгіме әдісі*, сөз тіркесі, оның байланысы сұрақ-жауап жұмыстары арқылы жаттықтырылады.

*Түсіндіру әдісі*, сөйлем құрауда сөз тіркесінің түрлерін, оның байланысу тәсілдерін түсіндерген кезде белгілі мәселе қойып, оны баяндау, мысалдар келтіріп, дәлелдеу тәсілімен жүргізу тиімді.

*Салыстыра түсіндіру* де сөз тіркесі мен сөйлемнің айырмашылықтары мен ерекшеліктерін игертудегі өнімді әдіс.

Оқушының тіл байлығын жасауда морфологиялық үлкен рөл атқарады, себебі тіліміздегі сөздердің баюының өзі сөздерді қосымшалар арқылы түрлендіру негізінде жасалады.

Түбірлес сөздермен танысқан соң, оқушылар бір түбір сөзден өрбіген сөздермен іс-тәжірибелік жаттығулар жүргізеді. Мысалы, су, мал, бас, көз сияқты сөздерден қосымша жалғау арқылы сушы, малшы, бастық, көздер сөздерін жасаса, екінші сулық, малды, баста, көзілдірік, үшіншіде сулы, малсыз, бастау, көзсіз сөздерін жасайды. Бұлардың арқайсының мәні бойынша сөйлем құрау жаттықтырылады [5].



Осындай түбірлес сөздерге арналған алғашқы жаттығулар балалардың сөз жасау қабілетін қалыптастырып, оларды пайдалану өрісін кеңейтеді. Сөз тудырушы және түрлендіруші қосымшалардың тілдегі атқаратын қызметімен танысу балалардың тілдік санасының қалаптасуына және тілінің дамуына игі ықпалын тигізеді.

Өртүрлі грамматикалық тұлғалардың қолданымдылығын талдау сөздік- минимумның әрбір сөзіне нақты грамматикалық сипаттама беруге мүмкіндік береді, сондай-ақ тіліді алғашқы оқыту кезінде грамматикалық тұлғаларды үйрету сөздің грамматикалық мағынасын игеруіне көмектеседі, бұл оқушылардың сөздің грамматикалық мағынасын игерту арқылы сөздік қоры сапалық жағынан толығы мен сөйлеу қатысымдық әрекетінде қолдана білу икемділігі мен дағдысын қалыптастырады.

#### Әдебиеттер:

1. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2010.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. - Алматы, 1972
3. Алдамұратова А. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы. – А., 1983
4. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. - А., 1991
5. Сыздық Р. Сөз саралау мәдениеті // Сөз өнері. - Алматы. 1978.